



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

**PROCEEDINGS**

of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

( [www.un.org](http://www.un.org))

6. Закон " О дипломатической службе Республики Казахстан " от 12 ноября 1997 года. [mfa.gov.kz](http://mfa.gov.kz).
7. "Конвенция о предотвращении и наказании преступлений против лиц ,пользующихся международной защитой, в том числе дипломатических агентов" 1973 год.
8. Даниил Студнев. В Ливии обнаружен дневник американского посла, погибшего при нападении на дипломатическую миссию США в Бенгази. Нью-Йорк. 23.09.2012. ИТАР-ТАСС: <http://tass.ru>.

ӘОЖ 327:004.056

## **АҚПАРАТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ҮДЕРІСІ**

**Әлмұханбетова Перизат**

[sanatkyzy.perizat@mail.ru](mailto:sanatkyzy.perizat@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Халықаралық қатынастар факультетінің

3 курстың студенті

Ғылыми жетекшісі - Азмуханова А.М.

Ақпараттық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету – лауазымды тұлғалардың, тұтынушылардың және техникалық қызмет көрсетуші персоналдың оған сеніп тапсырылған ақпараттың ұрлануына, бұрмалану немесе жоғалуына, өзге тұлғалардың арнайы заңсыз түрде техникалық құрылғылар мен ақпаратқа енуге жасаған талпыныстарына байланысты жауапкершілігін реттейтін бұрыннан бар немесе жаңадан қабылданған заңдардың, бұйрықтар мен нұсқаулардың орындалуымен сипатталады. Ақпаратты қорғаудағы заңды шаралардың мақсаты - ақпаратты бұзақылардан сақтандыру және алдын алу. [1;56]

Халықаралық қатынастарда ұзаққа созылған эволюция нәтижесінде қылмыспен күресудегі халықаралық ынтымақтастың екі формасы қалыптасты: халықаралық келісімшарттар негізінде және халықаралық органдар мен ұйымдар деңгейінде. Олар ақпараттық қауіпсіздік саласындағы өзара әрекеттерді де қарастырады. Стратегия мақсатына байланысты мынадай сипаттарға ие болуы мүмкін:

- *қорғаныстық сипат* – компьютерлік ақпарат саласындағы қылмысты ашу және сәйкесінше іздестіру әрекеттері тактикасы мен әдістерін жетілдіру;

- *шабуылдық сипат* – ақпараттық сферада пайда болған қылмыстық әрекеттерге қарсы тұруға бағытталған біріккен әрекеттерді жүзеге асыру;

- *сақтандыру* – ақпараттық қауіпсіздік қатерлерін нейтрализациялауға бағытталған біріккен профилактикалық әрекеттер;

- *ғылыми-болжамдық сипат* – жоғары технология саласында заманауи ғылыми зерттемелердің ақпараттық базасын құру және оны ұзақмерзімді мемлекетаралық әлеуметтік профилактикалық бағдарлама жасау үшін қолдану мақсаты шеңберінде.

Мазмұны жағынан халықаралық ынтымақтастық халықаралық ұйымдар деңгейінде келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- халықаралық қылмыспен күресуге бағытталған халықаралық келісімшарттардың жасалуына септігін тигізу;

- халықаралық сипаттағы қылмыс жасағаны үшін ескерту, әшкерелеу және жазалау шараларының жалпы халықаралық стандарттарын жасап шығару;

- жалпы қылмыстық әрекеттермен күресу бойынша ұсыныстар жасау және кез-келген мемлекет осы күресті өз территориясында жеке әлеуметтік және экономикалық шарттарға сәйкес жүргізуін есекере отырып, сол мемлекеттерге консультативті көмек беру.[2;193]

Ақпараттық саладағы мемлекеттердің өзара әрекеттері тәжірибесінің халықаралық

құқықтық анализі көрсеткендей, оның негізінде бес жүйелі-концептуалды әдіс жатыр:

**Бірінші мақсаттық әдіс.** Компьютерлік қылмыс саласындағы алғашқы Конвенция 2001 жылы 23 қарашада Еуропа Кеңесі жанындағы Қылмыскерлік мәселелері бойынша Еуропалық комитет шеңберінде 30 мемлекеттің өкілімен Будапештте қабылданған болатын. Аталған конвенция киберқылмысқа қарсы тұру саласында халықаралық ынтымақтастық механизмдерін құруды қарастырған еді. Конвенцияның басты мақсаты – қоғамды киберқылмыстан қорғауға бағытталған жалпы қылмыстық саясатты қолдау, сәйкес заңнамалық актілерді қабылдау және халықаралық ынтымақтасты нығайту.

Компьютерлік қылмыс БҰҰ, Қылмыстық полиция халықаралық ұйымы, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы және Еуропа кеңесі сияқты ұйымдарды да бей-жай қалдырмайды.

**Екінші кеңістіктік әдіс.** Бірыңғай халықаралық ақпараттық саясат жүргізу мақсатында 1992-1995 жылдары Еуропа Кеңесі ұлттық қылмыстық-процессуалды заңнаманы реформалау саласында зерттеу жүргізді. 1995 жылы 11 қыркүйекте Еуропа Кеңесінің Министрлер комитеті жиналысында жоғары техника саласында қылмысқа қарсы тұру сферасындағы халықаралық нормативті- құқықтық базаның негізін қалаған, сонымен қатар, компьютерлік қылмыспен күресудегі халықаралық ынтымақтастықтың механизмінің бастауы болған № R (95)13 Ұсынымы қабылданды. Аталған ұсынымда ұлттық қылмыстық-процессуалдық реформа жасау кезінде негізге алынуы қажет болған 18 директивалық қағида тұжырымдалды. 1997 жылы маусымда Денверде өткен «үлкен сегіздік» кездесуінде қылмыскерлер қайдан елден болуына қарамастан, барлық мемлекеттерді жоғары технология саласындағы қылмыспен күресудің құқықтық және техникалық мүмкіндіктермен қамтамамыз ету режимінің қажеттілігі айтылды. [3]

**Үшінші мезгілдік әдіс.** Қылмыстық заңнама бойынша компьютерлік қылмыс мәселесін алғашқы болып жүйелі түрде зерттеуге бастама жасаған ЭЫДҰ (ОЭСР) болатын. Мүше-мемлекеттердің заңнамаларының салыстырмалы анализі ЭЫДҰ-ның ақпараттық, компьютерлік және коммуникативті саясат Комитетіне 1986 жылы «Компьютерлік қылмыс: құқықтық саясат сараптамасы» атты баяндаманы жарыққа шығаруға мүмкіндік берді. Онда ұлттық заңнамалардың жағдайы, құқықтық реформа бойынша ұсыныстар және алғаш рет халықаралық деңгейде компьютерлік құқықбұзушылықты тудыратын қылмыстық әрекеттер тізімі жарияланды.

ЭЫДҰ-дан кейін артынша аталған мәселені зерттеуді Еуропа Кеңесі қолға алды. Нәтижесінде Қылмыстық мәселелер Еуропалық комитеті және арнайы сарапшылар комиссиясымен біріккен ұлттық заңнама үшін Рекомендация № R (89)9 жасалып шығарылды. Бұл рекомендация 1989 жылы 13 қыркүйекте Еуропа Кеңесінің Министрлер комитетінде қабылданды. ЭЫДҰ-ның зерттеуімен салыстырғанда, Еуропалық комитет баяндамасында қылмыстық әрекеттердің жаңа түрлерінен («минималды» және «міндетті емес») бөлек, ақпараттық жүйенің құпиялылығын және қылмыстық әрекеттің құрбаны болғандарды қорғау мәселелері қарастырылды, мүше мемлекеттедің заң шығарушы органдарына құқықтық реформа жүргізу немесе жаңа заң шығару кезінде аталған компьютерлік қылмыс құрамын ескеру тапсырылды.

**Төртінші ұйымдастырушылық әдіс.** Мемлекеттердің ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыспен күресуінің жаңа кезеңі 2000 жылы 22 шілдеде Окинавада Жаһандық ақпараттық қоғам хартиясының қабылдануымен ерекшеленеді. Хартия тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз ету, қоғамның әл-ауқатын арттыру, демократияны нығайту, халықаралық бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау және ақпаратты қорғауға қатысты нормаларды нығайту мақсатында ақпараттық – коммуникациялық технологияны дамытудың қажеттілігін сипаттайды. Сонымен қатар, хартия мемлекеттер назарын ақпараттық технологиялардағы жекеменшік құқығын қорғау және ақпараттың жайылып кетуіне себепкер болатын жағдайлармен күресудің нормативтік базасын нығайтуға аудартады. 19 бөлімнен тұратын бұл құжатта мына мәселелер қарастырылған:

- желінің бүтіндігіне қатер тудырушы жағдайлар;

- интеллектуалды жеке меншік және авторлық құқықтың сақталуы;
- ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігі;
- электронды сауданың қауіпсіздігі мәселесі және т.б.[4]

**Бесінші қолданбалы әдіс.** Компьютерлік қылмыспен күресудегі халықаралық қауымдастықтың келесі қадамы 2000 жылы 17 сәуірде Венада жаңа құжаттың қабылдану болды. Қылмыс пен әділдік Вена декларациясы: құқықбұзушылық шағымдары мен қылмыстарды ескерту бойынша БҰҰ Х Конгрессінде қабылданған ХХІ ғасыр қауіптеріне жауап деп аталатын бұл декларацияда компьютерлік қылмысқа қатысты жоғары технологияны пайдалумен байланысты туындайтын қылмыстар бойынша бағдарламалық ұсыныстар жасау міндеті Қылмысты ескерту және қылмыстық әділдік Комиссиясына тапсырылған болатын. Конгресс мемлекеттердің техникалық және құқықтық ынтымақтастығына үлкен септігін тигізді. [5]

Халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шаралар ТМД шеңберінде де қабылданған болатын. 2000 жылы 7 желтоқсанда Мәскеуде, ТМД атқарушы Комитеті жанындағы сақтандыру қызметі бойынша Қоғамдық кеңесте ТМД мүше-мемлекеттің үкіметтері арасында Ақпараттық тәуекелдерді сақтандырудың мемлекетаралық жүйесін құру және дамыту туралы келісімшарт жобасы мақұлданған болатын. 2003 жылы 28 қаңтарда ақпараттық ресурстар және жүйені құруда ынтымақтастықты жүзеге асыру және ақпараттық салада ТМД мүше-мемлекеттерінің мемлекетаралық бағдарламасын жүзеге асыру келісімшарты күшіне енді. Онда ТМД Экономикалық кеңесімен мүше-мемлекеттер үкіметтерінің тапсырысы бойынша ақпараттық жүйені ТМД мемлекеттерінің экономикалық және мәдени дамуының факторы ретінде кеңінен қолданудың мемлекетаралық шаралары қарастырылған болатын. [5]

Жалпы ақпараттық қауіпсіздікті реттеудің халықаралық құқықтық негізін құрайтын директивалар, конвенциялар, декларациялар, резолюциялар және өзге де халықаралық актілер ішінде маңызға ие құжаттарды атап өтсек: 1999 жылы 1 қаңтарда БҰҰ Бас Ассамблеясының 54-ші сессиясында қабылданған БҰҰ Бас Ассамблеясының «Ақпараттандыру және телекоммуникация саласындағы жетістіктер халықаралық қауіпсіздік контекстінде» 54/49 резолюциясы; 2001 жылғы 23 қарашадағы Еуропа Кеңесінің Киберқылмыс жайлы конвенциясы; 2005 жылғы халықаралық келісімшарттарда электронды хабарламаны қолдану жайлы БҰҰ Конвенциясы; 1999 жылғы «Жаңа ақпараттық технологиялар саласындағы еуропалық саясат» Декларациясы; 2003 жылы желтоқсанда Женевада өткен жоғары деңгейде өткен Дүниежүзілік кездесуде қабылданған ақпараттық қоғам құру қағидалары Декларациясы; 2005 жылғы 24 ақпанда қабылданған ақпараттық жүйелерге жасалынатын шабуылдар туралы Еуропа Кеңесінің шектеулі шешімі; 1999 ж 23 ақпандағы Интернеттегі жеке өмірге қол сұқпаушылықты қорғау туралы Еуропа Кеңесінің Ұсыныстары; 2005 жылғы Еуропа Кеңесінің № 1706 «Бұқаралық ақпарат құралдары және терроризм» ұсынымы; 2005 жылғы жоғары деңгейдегі Дүниежүзілік кездесуде қабылданған Тунис міндеттемелері және т.б. [6;17]

Халықаралық ақпараттық қауіпсіздіктің дамуындағы маңызы қадам бұл - жаңа халықаралық-құқықтық режимнің негізін қалаған және зерттеу саласы ақпарат, ақпараттық технология және оны пайдалану әдістері болып табылатын 1999 жылы 1 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 54-ші сессиясында қабылданған БҰҰ Бас Ассамблеясының «Ақпараттандыру және телекоммуникация саласындағы жетістіктер халықаралық қауіпсіздік контекстінде» деп аталатын 54/49 резолюциясы болды. Аталған құжатта жаһандық ақпараттық және телекоммуникациялық жүйені нығайтуға бағытталған және ақпараттық терроризм мен трансшекаралық қылмыспен күресуге ықпал болатын халықаралық қағидаларды жасап шығарудың тиімділігі міндеті тұрды. Әлемдік қауымдастық халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті жаһандық мәселе ретінде, адамзат қауымының өмір сүруіндегі маңызды шарт ретінде мойындады.

Бұл салада Ресей тарабы «Халықаралық ақпаратқа қатысты қағидалар» жобасын ұсынды. Жоба Ресейдің тақырыпты әрі қарай талқылауға қосқан үлесі ретінде А/55/140

құжатында жарияланды. Онда халықаралық ақпараттық қауіпсіздік бойынша негізгі ұғымдар қарастырылған, олардың қатарында: ақпараттық қауіпсіздік, ақпараттық қауіпсіздік қатерлері, ақпараттық қару, ақпараттық соғыс, халықаралық ақпараттық терроризм және қылмыс.[7]

Осы уақытқа дейін үкіметтік сапаршылардың үш тобы жасақталды. Алғашқы топ 2004 және 2005 жылдары өз отырыстарын өткізген болатын. Екінші топ өз жұмысын 2009 жылы бастап, 2010 жылы аяқтады. Екі топ та киберкеңістіктегі потенциалды қауіптерді қарастырумен және оны мәселені шешуге бағытталған ұжымдық шараларды зерттеумен айналысты. Киберкеңістіктегі салыстырмалы «жаңалықты» және онымен байланысты мәселелерді ескере отырып, бірінші топ қорытынды баяндама бойынша консенсусқа қол жеткізе алмады. Екінші топ бұл мәселеде нәтижеге қол жеткізді. Нәтижесінде 2010 жылы қорытынды баяндама жарыққа шықты. [8]

Осылайша, халықаралық қауымдастық ақпараттық қауіпсіздік мәселесін шешуде маңызды қадамдар жасады.

2002 жылы 22 қарашада консенсуспен қабылданған халықаралық ақпараттық қауіпсіздік бойынша БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясы (A/RES/57/53) алдыңғы резолюциялардың жағдайын дамытты және мемлекеттің инфрақұрылымына жағымсыз ықпал ету мақсатында ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды және құралдарды пайдалануға жол бермеуді сипаттайды.

2003 жылы 8 желтоқсанда БҰҰ Бас Ассамблеясы ақпараттық қауіпсіздікке байланысты тағы бір резолюция (A/RES/58/32) қабылдады.[7]

Осылайша, барлық халықаралық қауымдастық мүшелерінің көпжақты, сондай-ақ, екіжақты күш салу негізінде, халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жолдарын бірігіп іздеу үшін сындарлы өзара әрекет етудің кең арналары пайда болады.

Халықаралық электробайланыс ұйымының ақпараттық қауіпсіздік бойынша қосқан үлесі оның аймақтық конференцияларды – Жалпыеуропалық (Бухарест, 7-9 қараша 2002 жыл) және Азиялық конференцияларды (Токио, 13-15 қаңтар 2003 жыл) ұйымдастыруынан көрініс тапты.

Ақпараттық технологияларды террористер мен қылмыскерлердің, сонымен қатар әскери-саяси мәселелерді шешу үшін жеке мемлекеттердің деструктивті сипатта қолдануының жағымсыз салдары жаһандық масштабты иемдене отырып, көптеген мемлекеттердің мүддесіне қарсы келуі мүмкін.

АКТ-ны осылайша пайдалану жаппай қырып жою қаруын қолданған кездегі нәтижемен тең апаттарға алып келуі мүмкін. Осы мәтінде ШЫҰ мүшелері халықаралық құқық нормаларын сақтай отырып, ақпараттық қауіп-қатерді шеттету бойынша біріккен шараларды жүргізуге келісті. [9]

Ақпараттық қауіпсіздіктің құқықтық реттерлі жолында ЭЫДҰ директивалары үлкен маңызға ие.

2002 жылы 25 шілдеде Экономикалық ынтымақтастық және даму Кеңесі ақпараттық жүйелердің және желілердің қауіпсіздігі бойынша «Қауіпсіздік мәдениетіне» Директивалар қабылдады. Олар қауіпсіздік құрылымы бойынша 9 қағидадан тұрады және дамып келе жатқан қатерлерге және желілік экономикаға баса назар аударады. Жаңа жағдайлар Директивалардың қолданылу аясын кеңейтті. Осыған дейін ақпараттық қауіпсіздікке ақпараттық технология саласындағы кәсібилерден бөлек, бизнес немесе басқару саласындағылар аса қызығушылық таныта қоймаған болатын. Бизнеске қауіп төндіруші вирустық шабуылдармен байланысты әлемдік оқиғалар ақпараттық қауіпсіздікті маңызды мәселелер қатарына қосты. Қауіпсіздікке байланысты көзқарастың өзгеруі Директиваның 9 қағидасында көрініс тапты. Қағидаларды негізгі 3 категорияға біріктіріп көрсетуге болады:

1. Тіректік қағидалар: ұғыну; жауапкершілік; реакция.
2. Қоғамдық қағидалар: этика; демократия.
3. Қауіпсіздіктің өмірлік циклі қағидалары: тәуекел бағасы; қауіпсіздікті жоспарлау және жүзеге асыру; қауіпсіздік менеджменті; ревизия.

Директивалардың мәні сонда, олар практикалық амалдар иерархиясын және ақпараттық технологиялар мен байланыс технологиясы бойынша бизнес үрдісі мен саясатын барынша жетілдіре түседі. Жалпы негізгі қағидаларды қамтамасыз ете отырып, Директивалар бизнес құрылымына маңызды қоғамдық контекст енгізді. Олар инструкторлық және құқықтық шеңберде бизнестің жаһандық масштабында біріктіріледі. [1; 68-71]

Байқанымыздай ЭЫДҰ халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті әлемдік экономика шеңберінде қарастырады және бизнестің қауіпсіздігін қамтиды. Бұл жоғарыда аталып өткен ақпараттық қауіпсіздіктің жаңа объектілері арасындағы бизнестің қауіпсіздігімен тікелей байланысты болып табылады.

Халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ынтымақтастықтың саяси-құқықтық базасын құру үрдісі күрделі және баяу жүріп жатыр. Халықаралық қауымдастық сол бұрынғы келіспеушіліктерге қайта тап болып жатыр – ақпараттық сферадағы, яғни, ұлттық және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі маңызды салада әрекеттерді кодификациялауда мемлекеттердің мүдделері бір-бірімен сәйкес келмей жатыр.

Келіссөздермен жұмыс кезең бойынша жалғасып жатыр. Кез-келген қабылданып жатқан құжат бұрынғы құжаттарда негізге алады, параллельді түрде сәйкес салалар бойынша мемлекеттер қызметінің жалпы қағидалары қабылдануда.

Міндет нормаларына қатысты келісімге келу қиын болған жағдайда, реттеудің төмендегі әдістері тиімді болып келеді:

- тәртіп кодексі;
- басты қағидалар;
- талаптар меморандумы.

Бұл компромисстер көбінесе заңдық жағынан міндетті келісімдерге бағытталған. Мұндай типтегі құжаттарды болашақ көпжақты халықаралық ақпараттық қауіпсіздіктің әмбебап режимін құру туралы конвенцияларға қолдану тиімді болып келеді. [9]

Сонымен, бөлімді қорытындыласақ. Халықаралық ақпараттық қауіпсіздік халықаралық құқықтың әлі толық қалыптасып үлгермеген саласы. Сол себепті де бұл мәселе көбінесе халықаралық нормалар арқылы емес, халықаралық келісімшарттар немесе конференциялар арқылы реттеліп отырады. Жалпы, ақпараттық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету дегеніміз ақпараттың ұрлануы, бұрмалануы немесе жоғалуы әрекеттерін реттейтін бұрыннан бар немесе жаңадан қабылданған заңдардың, бұйрықтар мен нұсқаулардың орындалуы арқылы сипатталатын әрекеттер жиынтығы. Бүгінгі таңда қылмыспен күресудің екі формасы қалыптасты: халықаралық келісімшарттар және халықаралық ұйымдар деңгейі.

Халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті реттеуші негізгі құжаттарға тоқталсақ. Аталған саладағы алғашқы Конвенция 2001 жылы 23 қарашада Еуропа Кеңесі жанындағы Қылмыскерлік мәселелері бойынша Еуропалық комитет шеңберінде 30 мемлекеттің өкілімен Будапеште қабылданған болатын. Аталған конвенция киберқылмысқа қарсы тұру саласында халықаралық ынтымақтастық механизмдерін құруды қарастырған еді.

Ұйымдар деңгейіне келетін болсақ, бұл салада белсенді қызмет етіп жүрген ұйым ретінде БҰҰ, ЭЫДҰ, Еуропа Кеңесі сияқты ұйымдарды атауға болады. 1986 жылы ЭЫДҰ-ның ақпараттық, компьютерлік және коммуникативті саясат Комитеті «Компьютерлік қылмыс: құқықтық саясат сараптамасы» атты баяндаманы жарыққа шығарды. Онда ұлттық заңнамалардың жағдайы, құқықтық реформа бойынша ұсыныстар және алғаш рет халықаралық деңгейде компьютерлік құқықбұзушылықты тудыратын қылмыстық әрекеттер тізімі жарияланды. 1995 жылы 11 қыркүйекте Еуропа Кеңесінің Министрлер комитеті жиналысында жоғары техника саласында қылмысқа қарсы тұру сферасындағы халықаралық нормативті- құқықтық базаның негізін қалаған, сонымен қатар, компьютерлік қылмыспен күресудегі халықаралық ынтымақтастықтың механизмінің бастауы болған № R (95)13 Ұсынымы қабылданды. Аталған құжатта ақпараттық салаға байланысты реформа жүргізу кезінде назарға алынуы тиіс 18 директивалық қағида тұжырымдалған болатын.

Халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі жаңа серпіліс 2000 жылы 22

шілдеде Окинава Жаһандық ақпараттық қоғам хартиясының қабылдануы болды. 19 бөлімнен тұратын бұл құжат ақпараттың жайылып кетуіне себепкер болатын жағдайлармен күресудің нормативтік базасын нығайтуға баса назар аударады.

Жалпы ақпараттық қауіпсіздікті реттеудің халықаралық құқықтық негізін құрайтын директивалар, конвенциялар, декларациялар, резолюциялар және өзге де халықаралық актілер аз емес. Олардың ішінде маңызға ие құжаттарды атап өтсек: 1999 жылы 1 қаңтарда БҰҰ Бас Ассамблеясының 54-ші сессиясында қабылданған БҰҰ Бас Ассамблеясының «Ақпараттандыру және телекоммуникация саласындағы жетістіктер халықаралық қауіпсіздік контекстінде» 54/49 резолюциясы; 2001 жылғы 23 қарашадағы Еуропа Кеңесінің Киберқылмыс жайлы конвенциясы; 2005 жылғы халықаралық келісімшарттарда электронды хабарламаны қолдану жайлы БҰҰ Конвенциясы; 1999 жылғы «Жаңа ақпараттық технологиялар саласындағы еуропалық саясат» Декларациясы; 2003 жылы желтоқсанда Женевада өткен жоғары деңгейде өткен Дүниежүзілік кездесуде қабылданған ақпараттық қоғам құру қағидалары Декларациясы; 2005 жылғы 24 ақпанда қабылданған ақпараттық жүйелерге жасалынатын шабуылдар туралы Еуропа Кеңесінің шектеулі шешімі; 1999 ж 23 ақпандағы Интернеттегі жеке өмірге қол сұқпаушылықты қорғау туралы Еуропа Кеңесінің Ұсыныстары; 2005 жылғы Еуропа Кеңесінің № 1706 «Бұқаралық ақпарат құралдары және терроризм» ұсынымы; 2005 жылғы жоғары деңгейдегі Дүниежүзілік кездесуде қабылданған Тунис міндеттемелері және т.б.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Варфоломеев А.А. Основы информационной безопасности: Учебное пособие. – М.: РУДН, 2008. – 412 с
- 2 Международное уголовное право: Учеб. пособие / под ред. В.Н. Кудрявцева. 2-е изд., перераб. и доп. — М.: Наука, 1999. – 264 с.
- 3 Горяинов К.К., Исиченко А.П., Кондратюк Л.В. Транснациональная преступность: проблемы и пути решения. — М., 1997. – С. 245—248.
- 4 Окинавская Хартия глобального информационного общества // <http://www.internet-law.ru/intlaw/laws/okinava.htm>.
- 5 Лопатина Т.М. .Международный Опыт Правового Обеспечения Информационной Безопасности // <http://www.nauka-pravo.org/m/articles/view>
- 6 Крылов Г.О. Международный Опыт Правового регулирования информационной безопасности и его применение в Российской Федерации. Автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата юридических наук. – 17 с
- 7 МИД РФ
- 8 Доклад ООН // <http://www.un.org/ru/documents/charter/chapter4.shtml>.
- 9 Крутских 2

УДК 341.162

### **РОЛЬ КАФЕДР ЮНЕСКО РЕСПУБЛИКИ БЕЛАРУСЬ И СТРАН ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА В СОДЕЙСТВИИ РАЗВИТИЮ ВСЕОБЩЕГО РАВНОГО ДОСТУПА К ИНФОРМАЦИИ И ЗНАНИЯМ**

**Вашкевич Светлана Владимировна**  
s.pasyukova@gmail.com

Младший научный сотрудник отдела научно-методического обеспечения правовой информатизации управления правовой информатизации Национального центра правовой информации Республики Беларусь, Минск, Беларусь

Информация является одним из приоритетных направлений деятельности Организации Объединенных Наций по вопросам образования, науки и культуры (далее – ЮНЕСКО) и